ЖШС «Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №1

Қатысқаны-10. **03.10.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Балабақшадағы күн тәртібінің орындалу барысы.

2. Балабақшадағы тәрбиелік қызмет.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі П.Охасова кеңесті ашып, балабақша әдіскері М.Тленчинаның тақырыптық есебін тыңдады. Әдіскер М.Тленчина өз есебінде балабақшада күнделікті күн тәртібінің сақталуы бала өмірінде маңызды рөл атқаратындығы туралы айтып өтті. Соның ішінде ересек және ортаңғы топ тәрбиешілері таңғы жаттығу кешендерін жыл мезгілдеріне орай өткізеді. Меңгеруші П.Охасова балабақша медбике мәдени – гигиеналық дағдыларды қалыптастырудағы жасап жатқан іс-шараларын қатаң түрде қадағалауын балабақша әдіскері М.Тленчина ескертті.

Кеңестің мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Ж.Алимханова балабақшадағы әр баланың қабілетінің еркін және тиімді дамуына, эмоционалды үйлесімділікті қамтамасыз етуге ықпал ету. Психологиялық ойындар арқылы балалардың әр түрлі ережелерді сақтауға үйрету, біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында коорекциялық түзету жұмыстарымен балалардың танымдық деңгейлерін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Бұл әртүрлі әдістемелер тренинг, ойын жаттығуларымен сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады деп айтып өтті.

Балалабақша меңгерушісі: П.Охасова кеңес барысында айтылған мәселелерді тыңдай келе, мамандардың жасап жатқан еңбектеріндегі жетістіктеріне алғыс айтып, бұдан да жақсы жұмыс атқаруларын ескере отырып сөзін қорытындылады.

Қаулы етілді:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасуы медбике талап етілсін.

2. Балабақшадағы тәрбиешілік қызметтер сақталсын.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

Қатысқаны-9 **03. 02.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Баланыңқауіпсіз жағдайда болу» рейд жүргізу.
2. Әр топта сақталатын қауіпсіздік ережелері қандай?
3. Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындылары.

Тыңдалды:

1. Жианлыстың бірінші сауал бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова «Балабақша тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қадағалау» мақсатында «Баланың қауіпсіз жағдайда болу» атты рейд жүргізуге арналған топ құрылған болатын. Осы топ мүшелері болып әдіскер М.Тленчина, балабақша медбикесі З. Балхашова бекітілген. Рейд барысында топтардың жәй-күйі, тазалығы, қауіпсіздік деңгейі тексерілді.
2. Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина топ тәрбиешілеріне оқу процесі барысында, күнделікті жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелеріне, өрт қауіпсіздігіне, техника
3. Балабақша әдіскері М.Тленчина балалар бақшамыздың ортаңғы топ пен ересек топтарға «Толағай» және «Біз жүйрікпіз!» атты сайыстар балалардың қимыл – қозғалыс белсенділігін қалыптастыруына бағытталған өте жақсы іс-шара болды. Сайыстар жақсы деңгейде өтті, балалар қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты. Осы сияқты сайыстар жиі өткізіліп, жалғасын тапсын, - деген пікірмен өз сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

1. Балабақша топтарындағы қауіпсіздік ережелері тиісті деңгейде сақталып, талаптары орындалуы тиіс.

2. Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы іс-шаралар жиі-жиі өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова
Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

Қатысқаны-10 **03.03.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтағы балалар саны.
2. Ата-аналардың төлем ақысы.

Тыңдалды:

1. Жианлыстың бірінші мәселесінде қаралатын сауал бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова сөз алып, тәрбиешілер топтағы балалардың сан тізімін талапқа сай дайындап қоюды және жаңа оқу жылында олардың балабақшаға түгел қатысуын қадағалап, ата-аналармен тиісті жұмыстар жүргізілуін талап етті.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина топтағы балалардың құжаттамасының дұрыс толтырылуына, сақталуына мұқият болып, балалардың балабақшаға күнделікті қатысуын бақылауға алып, күн сайын балаларға тәрбие беру іс-шарасын жүргізіп, олардың іс-әрекеттерін қадағалап тұруымыз қажет,- деп айтты. Сонымен қатар барлық топ тәрбиешілері балалардың ата-анасымен де ауқымды түрде жұмыс жасау керек, балалардың күнделікті тіршілігін, қандай жетістіктерге қол жеткізгенін, не нәрсеге қызығушылық танытқанын айтып отыру қажет, сондай-ақ балабақшаға жаңадан келген ата-аналарға күн тәртібімен таныстырып, төлем ақы жайлы толық ақпарат беруге тиісті,- деп өз сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

1. Топтағы балалар санын туралауды талап етті.

2. Ата-аналарға күн тәртібін түсіндіріп, төлем ақыны уақытында төлеуді талап ету.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №4

Қатысқаны-9 **07. 04.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздік ережелері.
2. Әр түрлі мәселелер (күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу-қызметінің кестесі, білімін көтеру жұмыстарының тақырыптарын бекіту).

Тыңдалды:

1. Жиналыстың бірінші сауалы бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина сөз алып, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтып өтіп, Еңбекті қорғау шарттарымен және техника қауіпсіздігінің ережелерімен таныстырып шықты. Сондай-ақ балабақшаныңбарлық қызметкерлеріне жұмыс барысында техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керектігі жайлы ескертті.
2. Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина тәрбиешілермен бірге талқылап әзірлеген 2022-2023 оқу жылына арналған оқу қызметтерінің кестесін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, педагог-мамандардың білімін көтеру жұмыстарының тақырыптарын бекітуге ұсынды.

Қаулы етілді:

1. Жұмыс уақтысында еңбек тәртібін сақталуы және техника қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы бақылауға алынсын.
2. Педагог- мамандардың оқу процесіне қатысты барлық құжаттар, яғни күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, білімін көтеру жұмыстарының тақырыптары белгіленген мерзімінде бекітілсін.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина